

АСТАНА ҚАЛАСЫ  
ӘКІМДІГІНІҢ  
«ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ  
ЖӘНЕ СЕРВИС КОЛЛЕДЖІ»  
МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ  
КОММУНАЛДЫҚ  
КӘСІПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ  
КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ  
ПРЕДПРИЯТИЕ  
«КОЛЛЕДЖ ОБЩЕСТВЕННОГО  
ПИТАНИЯ И СЕРВИСА»  
АКИМАТА ГОРОДА  
АСТАНЫ

2023 жылғы 18 мамыр

БҰЙРЫҚ № 39

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу,  
жемқорлық құқық бұзушылықтың алдын алу туралы**

Колледж беделіне нұқсан келтіретін кез келген сыбайлас жемқорлық көріністерін жою, қабылдамау бағытында моральдік-психологиялық, адамгершілік климат құру, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Студенттердің құқықтық санасын және белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру бағытындағы сессияаралық кезеңі мен бітіруші түлектердің қорытынды сынақ, емтихан іс-шаралары барысында Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу көріністерінің алдын алу, құқық бұзушылыққа жол бермеу іс шаралары ұйымдастырылсын.

2. Педагог және педагог лауазымына теңестірілген лауазымда қызмет атқарушы тұлғаларға қандай да бір заңсыз қаражат жинау, демеушілік және қайырымдылық түріндегі көмектер алуға қатаң тыйым салынсын.

3. Студенттердің құқықтық санасын және белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру, Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу көріністеріне төзбеушілік мақсатындағы іс-шаралар колледж студенттерінің өзін-өзі басқару органының, Жастар ісі жөніндегі комитетінің, кәсіподақ комитетінің қатысуымен жүзеге асырылсын.

4. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңдарына сәйкес жалпыколледждік сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жол бермеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау, ықпал ететін себеп-жағдайларды зерделеу, сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтардың алдын алу, анықтау, болдырмау іс-шаралары бектіліп, жүзеге асырылсын (жауапты А.Сейіт, Н.Ақдаулетов, У.Сагиндикова).

5. Колледж қызметкерлеріне (басқару, әкімшілік) мемлекеттік мекемеде қызметті орындаумен сыйыспайтын әрекеттерге жол бермеу жауаптылығы күшейтіліп, колледж бойынша көрсетілетін мемлекеттік қызмет талаптары қатаң сақталынсын (жауапты А. Король, Г. Сапарбекова, А.Сейіт, Ж.Сейітова, Ж. Мырзабекова, Н. Нуржауова, А. Сейтжанова, Г.Серғазина, А. Арғынбек).

6. Колледжде қызметкерлеріне жеке өзінің немесе колледждің мүддесіне байланысты қандай да бір қор құру, қаражат жинау ҚР «Білім туралы» Заңның 64-бабын бұзу екендігі ескертілсін (жауапты А.Король, А.Сейіт).

7. Директордың оқу жұмысы бойынша орынбасары Г. Сапарбековға, оқу-өндірістік жұмыс бойынша орынбасары А. Корольге, тәрбие жұмысы бойынша орынбасары м.а. А.Сейітке қызметкерлерден, студенттерден заңсыз ақша жинау, ата-аналардан демеушілік немесе ерікті қайырымдылық көмек талап ету фактілерінің алдын алу мақсатында педагогикалық ұжым және ата-аналар қоғамы арасында кенінен түсінік жұмысы міндеттелсін.

8. Студенттер мен қызметкерлер ақша жиналып жатқандығынан хабар болған жағдайда колледж арнайы ресми сайтында көрсетілген парақшыға қол жетімді ғимаратының бірінші қабатында орналасқан сенім жәшігіне ақша

болатындығын колледж фойесіндегі ақпараттық тақтаға ілініп, хабарлама тәртібінде қызметкерлер мен білім алушылар назарына жеткізілсін (жауапты А.Сейіт, Н.Ақдаулетов).

9. Кадр бөлімі меңгерушісі А. Арғынбек заңсыз қаражат жинау немесе демеушілік көмек талап бойынша колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне түскен сыбайлас жемқорлыққа қатысты шағымдар немесе фактілер бойынша Қазақстан Республикасы еңбек кодексінің 52 бабының (еңбек шартын жұмыс берушінің бастамасы бойынша бұзу негіздері) 14 тармақшасын ( тәрбиелеу функцияларын атқаратын жұмыскер осы жұмысын жалғастырумен сыйыспайтын, моральға қайшы қылықтар жасаған) басшылыққа алынып еңбек шартының бұзылатындығын ескертіп, жауапты тұлғаларды осы бұйрықпен қол қою тәртібімен таныстыруды қамтамасыз етсін.

10. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өз міндетіме аламын.

Директор



З. Клышбаева

Таныстым

Лауазымды тұлғалар:

Директордың оқу жұмысы  
жөніндегі орынбасары

Директордың оқу-өндірістік  
жұмыс жөніндегі орынбасары

Директордың тәрбие жұмысы  
жөніндегі орынбасары м.а.

Директордың оқу-әдістемелік  
жұмыс жөніндегі орынбасары

Директордың ақпараттық  
технология жөніндегі орынбасар

Директордың кәсіптік оқыту  
жөніндегі орынбасары

Директордың шаруашылық  
жұмыс жөніндегі орынбасары


Бас есепші

Бөлімше меңгерушісі

Кадр бөлімі меңгерушісі

Жастар ісі жөніндегі


комитет инспекторы

 Г. Сапарбекова

 А.Король

 А.Сейіт

 Ж.Сейтова

 Ж.Мырзабекова

 Н.Нуржауова

 А. Сейтжанова

Г.Серғазина

Н.Ақдаулетов

А.Арғынбек

 У.Сагиндикова

18.05.2023 ж.